

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02 - 09.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу".				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету;	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтардың

	<p>бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.</p>	<p>суарудың үлгісін көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суару амалына үйрету.</p>	<p>тауып, қолын сүртіп, қайта ілуге жаттықтыру.</p>	<p>болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.</p>	<p>(қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау.</p>
	<p><b>"Мозаика" үстел ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.          Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.          Құралдар: шаршы пішінді қатпа</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.  <i>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</i>          - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем,</p>	<p><b>"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.          Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.          Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы</p>	<p><b>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</b>  <b>"Мысығым" (ел аузынан)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды мысық ойыншығына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.          "Мысығым".          - Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып,</p>	<p><b>"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуын тақпақтың ырғағына, мазмұнына сай жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру.          Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар.          Педагог балалардан балабақшаға қандай</p>

	<p>қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>керіліп, Беті-қолын жуады.  Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Нағима Арынова. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>көлікпен келгендері туралы сұрайды. Балаларға көмек ретінде түрлі машинаның (көліктің) суреттері көрсетіледі. Жаттығу үстел үстінде жұдырықтарды түйіп отырып, екі бағытқа жүргізу арқылы орындалады. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау; 1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1–2 бастапқы қалыпқа келу.</li> <li>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау; 2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау); 2–2 бастапқы қалыпқа келу;</li> </ol>				

	3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (дене шынықтыру)				
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафаға немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>Аспаз болсақ - тағам әзірлейміз, Биші болсақ - би билейміз, Шаштараз болсақ - тараймыз, Ақылды бала болсақ - жараймыз. "Сәлем" дейміз барлық елге!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>				
<b>Білім беру</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Музыка</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Құрастырудан</b>

<p><b>ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>"Шынықсын денеміз".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату; таспалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру; оқу</p>	<p>"Үшқыш".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.</p>	<p>"Біз мықты боламыз".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін қорытындылау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтіп және сол жүріп өткен гимнастикалық орындықтың шетіне келгенде қос аяқпен секіру; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>"Велосипед".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру.          Балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу икемділіктерін дамыту; допты домалату кезінде дәл көздеп, нысанаға лақтыру қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру және</p>	<p><b>ойын-жаттығу</b>          "Қошақанға шарбақ".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды кірпіштерден шарбақ құрастыруға үйрету; кірпіштің жаңа қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру; өз нәтижесімен ойнай білу қабілетін арттыру; хайуанаттар бағы туралы ұғымдарын қалыптастыру.          Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, эмоциялық</p>
--	--	---	---	---	---

	қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.			қол, саусақ бұлшық еттерін дамыту; оқу қызметінде бір-біріне көмектесе білу қасиеттерін қалыптастыру.	сезімін дамыту.
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	<p><b>Желді бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен</p>	<p><b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды</p>	<p><b>Қарды бақылау</b> (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Жапалақ қар, Армысың?</p>	<p><b>Қысқы ауа райын бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Қарды бақылау</b> (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту. - Балалар, бәрекелді!</p>

	<p>ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! <b>Еңбекке баулу</b> <b>тапсырмалары:</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Пойыз" қимылды</b> <b>ойыны. (дене</b> <b>шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек</p>	<p>қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан- жаққа. <b>Еңбекке баулу</b> <b>тапсырмалары:</b> балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды</p>	<p>Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев <b>Еңбекке баулу</b> <b>тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Кім тыныш?"</b> <b>қимылды ойыны.</b> <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер.</p>	<p>- Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала.</p>	<p>- Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл - қар. Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден</i> <i>Әлдибекұлы.</i> <b>Еңбекке баулу</b> <b>тапсырмалары:</b> балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды</p>
--	--	---	---	--	---

<p>бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог балаларды сапқа жинайды.</p> <p>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.</p> <p>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?</p> <p>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.</p> <p>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.</p> <p>- Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ...</p> <p>Біз алысқа - Ту-ту-у ..</p> <p>Жүр соңымнан - Қалма!</p> <p>Кім өжет жан?</p>	<p>қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Сағаттар"</b></p> <p><b>қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.</p>	<p>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.</p> <p>Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз.</p> <p>Көрейік. Бұл қай бұрыш?</p> <p>Тыңдайық. Тыныш ...</p> <p>Тыныш ...</p> <p>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...</p>	<p>Д. Ахметова.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып,</p>	<p>эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.</p> <p>- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша.</p> <p>Топ-топ етіп басайық,</p> <p>Қадам басып</p>
---	--	--	---	---

	<p>Алға! Д. Ахметова <b>"Доптар сияқты секірейік"</b> <b>қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи жүреді. <i>"Тик-так"</i>. "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-тақ". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі. <b>"Өз орныңды тап"</b> <b>қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру;</p>	<p>- Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. <b>"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық"</b> <b>қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам -</p>	<p>барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.  Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай!  Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова <b>"Көпірден өт"</b> <b>қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа</p>
--	--	---	---	---	---

		зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.		Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. <b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым,				

	Таза бетің, маңдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу.</p> <p><b>"Әлди - әлди" әні.</b></p> <p>Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым!</p>

	<p>Көлге біткен құрағым!  Маңдайдағы құндызым,  Аспандағы жұлдызым.  <b>(көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу,  сауықтыру  шаралары</b></p>	<p><b>Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.</b>  Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды.  Басты оңға, солға бұру.  Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.  Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.  <b>"Көңілді аяқтар" жаттығуы.</b>  Аяқтарды биік көтер, міне былай,  Топ, топ, топ!  Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:  Хоп, хоп, хоп!  Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,  Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр!  Шап жүйрігім, шап-шап,  Тпру - ру -у, тұлпарым:  Тоқтат! Тоқтат!  Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.  Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.  Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.  "Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p><b>"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.</b>  Дастарқан басында тыныш, тұзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың</p>

	кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Сөредегі табақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қарындашпен көлденең жолға салынған шаршылардың ішін бірыңғай көлемдегі дөңгелектермен толтыруға үйрету; әрбір салынып жатқан дөңгелек, "табақ", шаршы ішіне сыйатындай көлемде болуын бақылап отыруға дағдыландыру; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру. Балалардың қарындашпен сурет	<b>Музыкадан ойын-жаттығу</b> "Ұшқыш боламын". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тындап, музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	<b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Көше тазалаушы". Мақсат-міндеттер. Балаларды көше тазалаушы еңбегімен таныстыра отырып, оны сыртқы киіміне және құралдарына қарап, ажырата білуге үйрету; көше тазалаушының жаз бен қыс мезгіліндегі құралдарының бөлек екеніне көңіл аудару.	Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап	<b>"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігер қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың атауларын бекіту. Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Сюжет бойынша екі кейіпкердің өзара әрекеттесу (дәрігер — науқас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару.

	<p>салуда қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен табақтардың пішіні мен түстерін қабылдай білуін, байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру.</p>		<p>жүру).  <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>"Жүргізушілер" сюжетті-рөлдік ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыра отырып, ойын барысында нәтижелі қарым-қатынас орнатуға машықтандыру. Сюжеттегі екі кейіпкердің (жүргізуші - жолаушы) өзара әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру. Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру.  <b>(қоршаған ортамен</b></p>	<p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	--	---	--

				танысу, сөйлеуді дамыту)	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер.  Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру;  геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.  - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына</p>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер.  Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.  <i>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</i>  - Бармақтай балғын!  Сен қайда бардың?  - Мына бауырыммен Орманға бардым,  Мына бауырыммен Іштім де кеспе,  Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем,  Мына бауырыммен Ән салдым кеште.  Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев</p>	<p><b>"Капитандар" тыныс алу жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер:  тыныс алу мүмкіндіктерін ұлғайту.  Ұзақ тыныс шығаруға жаттықтыру.  Су құйылған ыдыста қағаз қайықтар жүзіп жүреді. Балалар еріндерін түтік сияқты шығарып, қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды.  Одан кейін тәрбиеші қатты жел тұрғанын айтады, балалар оның күшін көрсету үшін "п" дыбысын айтады.  <b>(дене шынықтыру,</b></p>	<p><b>"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.  - Тағам әзірлейтін кім? Аспаз.  Би билейтін кім? Биші.  Шеге қағар ... Шебер.  Үй салатын...  Құрылысшы.  Адамды емдейтін...  Дәрігер.  Зат сататын...  Саудагер.  Шаш қиятын...  Шаштараз.  Іске сәт тап, жанталас.  Мамандық иелерінің</p>

	<p>қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. (сенсорика)</p>	<p>қасиеттерін байқауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сөйлеуді дамыту)</p>	<p>суреттерін көрсетіп отыруға болады. (сөйлеуді дамыту)</p>
Серуенге дайындық	<p><b>Ойын жаттығуы: "Киімді бүктеп үйренеміз".</b>  Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру. балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес</p>				

	<b>қимыл әрекеті)</b>
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».</p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p><b>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты</p>

	<p>оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p> <p>Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. <b>(сенсорика)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу".</p>